

**«Ержігіт Бозғұлов атындағы №249 мектеп – лицей»
коммуналдық мемлекеттік мекемесі**

Хаттама

28.08.2024 жыл

№ 1

**Мектептегі білім алушылармен тәрбиеленушілердің тамақтану
сапасына мониторинг жүргізу жөніндегі комиссия отырысы**

Жиналыс төрағасы: Б.А.Танирбергенов
Хатшысы: Ж.Ж.Рахметова

Қатысқандар: 9 (тоғыз) адам

1. Б.А.Танирбергенов-мектеп-лицей директоры, комиссия төрағасы;
2. М.Тикеева-директордың тәрбие жұмыстары жөніндегі орынбасары, комиссия орынбасары;
3. Ж.Рахметова-комиссия хатшысы;
4. Ұ.Есмұрзаев - шаруашылық ісі жөніндегі орынбасары, комиссия мүшесі;
5. Ж.Жеңсікбаева - қамқоршылық кеңесінің мүшесі, комиссия мүшесі
6. К.Көпжасар - ата-аналар комитетінің төрағасы, комиссия мүшесі
7. Н.Сүлейменова - ата - аналар комитетінің төрайымы, комиссия мүшесі
8. Ф.Түлемисова - ата - аналар комитетінің төрайымы, комиссия мүшесі
9. М.Тәнірбергенова - ата - аналар комитетінің төрайымы, комиссия мүшесі

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Мектептегі оқушылардың тамақтану сапасына мониторинг жүргізуге комиссия мүшелерін тағайындау, асхана қызметінің жұмыстарын ұйымдастыру.

ТЫҢДАЛДЫ:

Күн тәртібіндегі негізгі мәселе бойынша комиссия төрағасы, мектеп - лицей директоры Б.А.Танирбергенов сөз алып, төмендегідей хабарлама жасады.

«Жаңа 2024-2025 оқу жылына сәттілік тілеймін. Білім алушылармен тәрбиеленушілердің тамақтану сапасына мониторинг жүргізу жөніндегі комиссия мүшелерін қайта тағайындау мақсатында өз келісімдеріңізді алуға және атқаратын қызметімен таныстырып өтейін:

1. Ас блогындағы, асханадағы жұмыстың ұйымдастырылуын;
 - тамақ өнімдерінің сапасын, оларды тасымалдау, жеткізу, түсіру, сақтау шарттарын;
 - өнімдерді өткізу мерзімдерін;
 - тамақ дайындау сапасын;
 - тамақтың балалардың негізгі тағамдық заттарға физиологиялық қажеттіліктеріне сәйкестігін;
 - ас блогы қызметкерлерінің жеке гигиена ережелерін сақтауын бақылау болып табылады.
 2. Комиссия адалдық, құзыреттілік, парасаттылық, ашықтық қағидаттарына сәйкес өз құзыретіне жатқызылған функцияларды орындайды.
 3. Комиссия төрағасы білім беру ұйымының басшысы болып табылады.
- Комиссияның құрамы медицина қызметкерін, әкімшілік мүшелерін, өндіріс меңгерушісін, қамқоршылық кеңесінің өкілдерін міндетті түрде қоса отырып, білім беру ұйымы басшысының бұйрығымен бекітіледі.

4. Комиссия құрамын жыл сайын жаңарту ұсынылады.

5. Комиссия қызметінің циклограммасы:

Күн сайын медицина қызметкері:

- тағамдардың және аспаздық өнімдердің сапасын органолептикалық бағалау журналына жазба енгізе отырып, дайын тағамдардың сапасына органолептикалық бағалау жүргізеді.

Комиссия:

- пайдаланылатын тамақ өнімдерінің сапасына бақылауды жүзеге асырады (тамақ өнімдерінің сапасын растайтын құжаттардың көшірмелері жеке папкада сақталады);

- мәзірдің дұрыс жасалуын бақылауды жүзеге асырады;

- тамақтану сапасының мониторингі актісін ресімдей отырып, ас блогының қызметкерлеріне және (немесе) қызметті жеткізушіге алдын ала ескертусіз тамақтану сапасын тексеруді жүзеге асырады.

-Токсан сайын комиссия жұмысының қорытындысы кейіннен олар білім беру ұйымының педагогикалық кеңесінде қаралады және орта білім беру ұйымының интернет-ресурсында орналастырыла отырып, ақпарат түрінде ресімделеді.

-Өр жылдың мамыр, қаңтар айларында комиссия қызметінің қорытындысы жалпы ата-аналар жиналысында қаралады.

- тамақ өнімдерінің сапасын, олардың сапасын куәландыратын құжаттардың болуын бақылауды жүзеге асыруы;

- тамақтардың шығуын, дайындалған тамақтану көлемінің бір реттік порция көлеміне және балалар санына сәйкестігін тексеруі;

- өз функцияларын арнайы берілетін таза киімде (халатта, комбинезонда, бас киімде, аяқ киімде және т. б.) жүзеге асыруы қажет.

- Асханаға рұқсат етілмеген тағамдарды пайдалануға жол бермеу керек!

Шығып сөйлегендер:

1. **К.Көпжасар –комиссия мүшесі.**

Қазіргі таңда халық арасында індеттің таралуына байланысты, мектептегі тамақтану жүйесіне баса назар аударуымыз керек. Мемлекеттен қойылатын талаптарды басшылыққа алып, жүйелі жұмыс жоспарын құрып, бірігіп қызмет атқаруымыз, бұл болашақ дені сау ұрпақ үшін қызметіміз болмақ. Мемлекеттік талаптарды орындау баршамызға міндет.

2. **Ф.Тулемисова –комиссия мүшесі.**

Тамақтану сапасына мониторинг жүргізу қызметінің міндеттерін атқаруға келісемін.

3. **Ш.Жеңсікбаева- комиссия мүшесі.**

Комиссия адалдық, құзыреттілік, парасаттылық, ашықтық қағидаттарына сәйкес өз құзыретіне жатқызылған функцияларды орындау міндетіміз деп білемін. Осы жерде отырған ата -аналар мектеп - лицейдің асхана қызметінде тамақтану сапасына комиссия мүшесі болып, бірге жұмыс жасауға келісімдерін береді.

Комиссия төрағасы жиналысты қорытындылай келе бірауыздан төмендегідей **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Мектептің тамақтану сапасына мониторинг жүргізуге өз келісімдеріне сәйкес комиссия құрамы бекітілсін.
2. Мектептің тамақтану сапасына мониторинг жүргізу және тамақтануға қойылатын міндеттерді орындау комиссия мүшелеріне міндеттелінсін.
3. Осы жұмыстардың орындалуын өз құзыреттілігімде қалдырамын.



Комиссия төрағасы:  **Б.А. Танирберген**

Хатшы:  **Ж.Рахметова**

**«Ержігіт Бозғұлов атындағы №249 мектеп – лицей»
коммуналдық мемлекеттік мекемесі**

Хаттама

26.09.2024 жыл

№ 2

**Мектептегі білім алушылармен тәрбиеленушілердің тамақтану
сапасына мониторинг жүргізу жөніндегі комиссия отырысы**

Жиналыс төрағасы: Б.А.Танирберген
Хатшысы: Ж.Ж.Рахметова

Қатысқандар: 7 (жеті) адам

1. М.Тикеева - директордың тәрбие жұмыстары жөніндегі орынбасары, комиссия орынбасары;
2. Ұ.Есмұрзаев - шаруашылық ісі жөніндегі орынбасары, комиссия мүшесі
3. Ж.Жеңсікбаева - қамқоршылық кеңесінің мүшесі, комиссия мүшесі
4. К.Көпжасар - ата-аналар комитетінің төрағасы, комиссия мүшесі
5. Б.Нысанбаева - мектеп - лицей мейіркеші, комиссия мүшесі

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Мектептегі оқушылардың тамақтану сапасына мониторинг жүргізуде комиссия мүшелерінің жұмыстарын ұйымдастыру.
2. Мектеп мейіркештерінің тамақтану сапасына комиссия құрамына қайта қосу туралы

ТЫНДАЛДЫ:

Күн тәртібіндегі негізгі мәселе бойынша комиссия төрағасы, мектеп - лицей директоры Б.А.Танирберген сөз алып, төмендегідей хабарлама жасады.

1. Ас блогындағы, асханадағы жұмыстың ұйымдастырылуын;
 - тамақ өнімдерінің сапасын, оларды тасымалдау, жеткізу, түсіру, сақтау шарттарын;
 - өнімдерді өткізу мерзімдерін;
 - тамақ дайындау сапасын;
 - тамақтың балалардың негізгі тағамдық заттарға физиологиялық қажеттіліктеріне сәйкестігін;
 - ас блогы қызметкерлерінің жеке гигиена ережелерін сақтауын бақылау болып табылады.

2. Комиссия адалдық, құзыреттілік, парасаттылық, ашықтық қағидаттарына сәйкес өз құзыретіне жатқызылған функцияларды орындайды.

Қазалы аудандық білім бөлімінің 26.09.2024 жылғы №01-5/1167 санды хатын басшылыққа ала отырып, мектеп мейіркеші Б.Нысанбаева бракераждық комиссия құрамына қайта енгізілді.

Ас блогы қызметкерлерінің күнделікті санитарлық - гигиеналық тазалығын қадағалау мектеп мейіркештерінің қадағалауында. Тағамдардың және аспаздық өнімдердің сапасын органолептикалық бағалау журналына жазба енгізе отырып, дайын тағамдардың сапасына органолептикалық бағалау жүргізеді.

Шығып сөйлегендер:

М.Тикеева –комиссия мүшесі.

Мектеп асханасында келенсіз жәйттар болмады.Санитарлық жағдайы талапқа сай, керекті ыдыстар түгел,қол жуатын,қол кептіргіш жұмыс жасап тұр.Оқушыларға керекті заттар бар.Мемлекеттік талаптарды орындау баршамызға міндет. Мектеп мейіркештерінің комиссия құрамына енуі асхана қызметінің жұмысына қажет мамандар.

Ш.Жеңсікбаева- комиссия мүшесі.

Комиссия адалдық, құзыреттілік, парасаттылық, ашықтық қағидаттарына сәйкес өз құзыретіне жатқызылған функцияларды орындау міндетіміз деп білемін. Тамақтану сапасын күн тәртібінен түспейтін мәселе. Жұмыс өз жалғасын табады.

Комиссия төрағасы жиналысты қорытындылай келе бірауыздан төмендегідей
ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

- 1.Мектептің тамақтану сапасына мониторинг жүргізу және тамақтануға қойылатын міндеттерді орындау комиссия мүшелеріне міндеттелінсін.
- 2.Асхана қызметінің жұмысына күнделікті қадағалау мектеп мейіркеші Б.Нысанбаеваға тапсырылсын.
- 3.Осы жұмыстардың орындалуын өз құзыреттілігімде қалдырамын.



Комиссия төрағасы:  **Б.А. Танирберген**

Хатшы:  **Ж.Рахметова**

**«Ержігіт Бозғұлов атындағы №249 мектеп – лицей»
коммуналдық мемлекеттік мекемесі**

Хаттама

23.10.2024 жыл

№ 3

**Мектептегі білім алушылармен тәрбиеленушілердің тамақтану сапасына
мониторинг жүргізу жөніндегі комиссия отырысы**

Жиналыс төрағасы: Б.А.Танирбергенов
Хатшысы: Ж.Ж.Рахметова

Қатысқандар: 7 (жеті) адам

1. М.Тикеева-директордың тәрбие жұмыстары жөніндегі орынбасары, комиссия орынбасары;
2. Ж.Жеңсікбаева - қамқоршылық кеңесінің мүшесі, комиссия мүшесі
3. К.Көпжасар - ата-аналар комитетінің төрағасы, комиссия мүшесі
4. Б.Нысанбаева - мектеп - лицей мейіркеші, комиссия мүшесі
5. Н.Сүлейменова - мектеп - лицей ата -аналар комитетінің төрайымы, комиссия мүшесі

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Мектептегі оқушылардың тамақтану сапасына мониторинг жүргізуде комиссия мүшелерінің жұмыстары туралы.

ТЫҢДАЛДЫ:

Күн тәртібіндегі негізгі мәселе бойынша комиссия төрағасы, мектеп - лицей директоры Б.А.Танирбергенов сөз алып, төмендегідей хабарлама жасады.

1. Ас блогындағы, асханадағы жұмыстың ұйымдастырылуын;
 - тамақ өнімдерінің сапасын, оларды тасымалдау, жеткізу, түсіру, сақтау шарттарын;
 - өнімдерді өткізу мерзімдерін;
 - тамақ дайындау сапасын;
 - тамақтың балалардың негізгі тағамдық заттарға физиологиялық қажеттіліктеріне сәйкестігін;
 - ас блогы қызметкерлерінің жеке гигиена ережелерін сақтауын бақылау болып табылады.

Ас блогында жүргізіліп жатқан қадағалаулау жұмыстарында кемшіліктер, ескертулеріңіз туралы өз пікірлеріңізді тыңдасак.

Шығып сөйлегендер:

Ш.Жеңсікбаева- комиссия мүшесі.

Комиссия адалдық, құзыреттілік, парасаттылық, ашықтық қағидаттарына сәйкес өз құзыретіне жатқызылған функцияларды орындау міндетіміз деп білемін. Тамақтану сапасын күн тәртібінен түспейтін мәселе. Жұмыс өз жалғасын табады.

К.Көпжасар –комиссия мүшесі.

Қазіргі таңда мектептегі тамақтану жүйесіне баса назар аударуымыз керек. Мемлекеттен қойылатын талаптарды басшылыққа алып, жүйелі жұмыс жоспарын құрып, бірігіп қызмет атқаруымыз, бұл болашақ дені сау ұрпақ үшін қызметіміз болмақ. Мемлекеттік талаптарды орындау баршамызға міндет.

Б.Нысанбаева - комиссия мүшесі.

Асхана қызметіндегі қызметкерлердің күнделікті тазалығы тексеріліп, олардың жұмыс жасауына рұқсат беріп отырмын. Балалардың ас мәзіріне сәйкес тамақтануы үнемі бақылауда. Қоймалардағы тамақ өнімдерінің, тәуліктік сынамалардың талапқа сай болуы үнемі қадалағауда.

Комиссия төрағасы жиналысты қорытындылай келе бірауыздан төмендегідей

ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Мектептің тамақтану сапасына мониторинг жүргізу және тамақтануға қойылатын міндеттерді орындау комиссия мүшелеріне міндеттелінсін.
2. Асхана қызметінің жұмысында туындаған мәселелер бойынша мерзімінде ескерту жасау комиссия мүшелеріне тапсырылсын.
3. Осы жұмыстардың орындалуын өз құзыреттілігімде қалдырамын.

